

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округіне қарасты Қарғыба елді мекеніне шектеу іс-шарасын белгілеу туралы" Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 25 шешімінің күші жойылды деп тану

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 28 қарашадағы № 22 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 желтоқсанда № 6337 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 30 қазандағы № 1264 ұсынысы негізінде Құмкөл ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округіне қарасты Қарғыба елді мекеніне шектеу іс-шарасын тоқтатылсын.

2. Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 25 "Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округіне қарасты Қарғыба елді мекеніне шектеу іс-шарасын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-16-168 тіркелген және 2018 жылғы 28 желтоқсан Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Құмкөл ауылдық округінің әкімі

Т. Көнекбаев